

«Тау сақшысы»

Автор - Салтөре Сапарбаев

Фотограф, WildlifeWithout Borders Kazakhstan (WWB-KZ) (Шекарасыз жабайы табиғат Қазақстан) қорының негізін қалаушылардың бірі

Қар барысы — өмірдің күштілігінің, сонымен бірге нәзіктігінің де бейнесі. Барыс — азулы жыртқыш, бірақ бүгінде осынау өте сирек кездесетін жануардың тіршілігі қыл үстінде тұр. Оған климаттың өзгеруі және антропогендік факторлар қауіп төндіреді.

Фотосуретте барыс қар басқан беткеймен аңдап басып келеді, қарымды табандары қарға омбылап батқан. Көзі — алыстағы нысанада. Сақина тәрізді қара дақтары бар қалың жүні аппақ қарда тайға таңба басқандай көрініп тұр. Артқы жағында қарлы беткейлердің сұлбасы, жалғыз ағаштың діңі, қураған шөптің сабақтары көрінеді.

Бүгінде Алматы маңын 25 барыс мекендейді.

Мен фотограф Салтөре Сапарбаевпын. **Шекарасыз жабайы табиғат Қазақстан** қорының негізін қалағандардың бірімін.

Өмірімнің басым бөлігін тауда өткіземін. Осы суретті 2018 жылы Сол Талғар шатқалында, Алматы қорығында түсірдім. Қар барыстары әдетте адам мекендейтін жерге онша жақындай бермейді, бірақ мына барыс аң аулағанда жарақаттанып, оңай олжа іздеп келген көрінеді. Сиырды буындырмақшы болған. Бәлкім, араға уақыт салып, жабайы табиғатта жан тапсырған шығар.

Қар барысы — жасырын өмір салтының және мекендеу ортасына жету қиындығының арқасында әлемдегі мысық тұқымдастардың мүлдем қолға түспейтін өкілі. 15 жыл ішінде барысты 4 рет қана кездестірдім. Біздің Қор осы сирек кездесетін жыртқышты зерттеп, мониторинг жүргізумен айналысады. Бүгінгі таңда заманауи технологиялар мен инновациялар осы жануар туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Ал сирек кездесетін жыртқыштың популяциялық ерекшеліктерін, мінез-құлқын зерттеудің ең тиімді әдісі — фотоқақпандар. Олар әдетте күзде орнатылып, көктемде алынады. Қимыл-қозғалысты сезетін автоматты бақылау камералары жыртқышты тәулік бойы түсіруге мүмкіндік береді.

Жайлы тіршілік ету үшін барыстарға тау-тастар қажет. Олар мәңгі тоңды ұнатпайды, емін-еркін жүріп-тұру үшін қар жамылғысының биіктігі жарты метрден аспауы керек. Елік, марал, тау ешкілерін аулайды. Барыс 12 елді мекендейді. Қытаймен арадағы шекара тікенді сыммен қоршалған, сондықтан барыстардың ғана емес, тұяқты жануарлардың да қимыл-қозғалысын қиындатады. Қар барысы шекарадан өткен күннің өзінде азық жоқтығынан күн көре алмауы мүмкін.

Осы сирек кездесетін жануар мекендейтін барлық елдерде қорықтар мен ұлттық саябақтар ұйымдастырылған. Соның арқасында қар барысының популяциясын сақтап қалуға болады, бірақ браконьерлік қауіпі әлі сейіле қойған жоқ. Таудағы қисапсыз туристердің бей-берекет ағыны, курорттар мен демалыс орындарының құрылысы барыстың тіршілігіне кесірін тигізеді. Малшылар да шаруашылығына зиян келтіргені үшін барысты қасақана өлтіруі мүмкін.

XX ғасырдың ортасынан бастап біздің елде барыстардың саны айтарлықтай азая бастады, ал 1980 жылға қарай 200 жануарға дейін қысқарды. Қазіргі уақытта Қазақстанды шамамен 140-180 барыс мекендейді. Қар барысы Қызыл кітапқа енгізілген; оның тірі жүріп, тіршілік етуі «тау саулығы» және табиғаттағы экологиялық тепе-теңдік үшін аса маңызды.

Туризмді экотуризммен шатастырмау керек. Экотуризмнің басты миссиясы — табиғатқа зиян келтірмеу. Бірақ көбінесе экотуризм деген желеумен түрлі глэмпингтер мен демалыс орындары салынып, барыстың мекендейтін аумағы тарылады. Бәлкім, адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін табиғат ресурстарын пайдалануға әлдеқайда салмақты қарайтын кез келген шығар. Алматының ғана емес, тәуелсіз Қазақстанның символы болып табылатын сирек кездесетін жыртқыштың тіршілігіне қауіп төніп тұрғанда беталбатты құрылысты жалғастырып, тау ресурстарын тек пайда үшін тоғышарлықпен пайдаланудың не мәні бар?